Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:19.12.2016	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	***Диктант "Егіз лақ"***		
Мақсаты	Сабақтың мақсаты: 1.Оқушылардың сөйлем туралы алған білімдерін қорытындылау мақсатында диктант алынады .Оқушылардың білімдері тексеріледі. 2.Оқушылардың сауаттылығы,қатесіз жазу дағдылары дамытылады. 3.Ұқыптылыққа тәрбиеленеді. Сабақтың түрі:білімдерін тексеру. Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,жазбаша жұмыс		
Психологиялық ахуал	Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқыңды, Шеңберге тұр, – деп баршаңды! Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.		
Қызығушылықты ояту	***Өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексер** - Сөйлем дегеніміз не? - Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді? -Хабарлы сөйлем дегеніміз не? -Сұраулы сөйлем дегеніміз не? -Сұраулы сөйлем қалай жасалады? -Лепті сөйлем дегеніміз не? -Сөйлемдегі сөздердің байланысын қалай табамыз? ***Диктантқа дайындық** -Сөйлем қалай жазылады? -Сөйлем аяқталған соң қандай тыныс белгілері қойылады? ***Сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.** -Бүгін диктант жазамыз.		
Мағынаны тану	***Мәтінмен жұмыс.** 1. Мәтінмен таныстыру. ***Алақай,Сәкеннің сары ешкісі егіз лақ туды!Екеуі де өте әдемі!Жүндері бұйра. Лақтар тез аяқтанды.Сәкен аяқтарына су берді.Олар суды ішті де,бастарын сілкіді.Лақтар Сәкенді танып алған.Оны көрсе жүгіріп келеді.*** 2.Сөздік жұмысын жүргізу. 3.Тапсырма: 1.Лепті сөйлемдердің астын сыз. 2.Мәтінде қанша сөйлем барын жақша ішіне жаз. 3.Соңғы сөйлемді сызбамен көрсет.		
Сергіту сәті	Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермеңдер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.		
Ой толғаныс	***Тест тапсырмалары:** **1.Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?** а) 2 ә) 3 б) 4 **2.Сұрауға жауап болып келетін сөйлемнің түрі.** а) сұраулы ә) хабарлы б) лепті **3. Лепті сөйлем дегеніміз не?** а) білу және жауап алу мақсатымен айтылған сөйлем		

	ә) адамның көңл күйін,сезімін білдіретін сөйлем б) бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен айтылған сөйлем. **4. Нүкте қай сөйлемнің тыныс белгісі?** а) лепті ә)хабарлы б) сұраулы **5. Өлең мазмұнына қарай жұмбақталып тұрған қандай тыныс белгісі екенін тап:** ***Қуану,ренжу,өкіну,*** ***Мақсатым- соны сездіру.*** ***Ұранды да айтамын,*** ***Қарқындап барып қайтамын.*** а) нүкте ә) сұрау б) леп **6. Сұраулық мағына беретін сөзді белгіле.** а) көтерді ә) неге б) айтпа **7. Сұраулық мағынада тұрған сөзді белгіле.** а) барма ә) сүртпе б) бар ма **8. Сұраулы мағына беретін сөз сөйлем ішінде қалай оқылады?** а) бірқалыпты ә) бәсең дауыспен б) көтеріңкі дауыспен **9. Лепті сөйлем қандай мағынаны білдіреді?** а) сұраулық ә)лептік мағынаны (өтіну,бұйыру,қуану,тілек,сескендіру,ұран) б) біреу,бір нәрсе туралы хабарлау **10. "Тұр орныңнан" лепті сөйлемі қандай мазмұнды береді?** а) қуану ә) бұйыру б) ұран **11. Лепті сөйлемде лептік мағынаны білдіретін сөздер қалай оқылады?** а) көтеріңкі дауыспен ә) бірқалыпты б) бәсең дауыспен **12.Лептік мағына беретін сөзді тап.** а) қайда ә) қандай б) баласы
Үйге тапсырма	Қайталау
Бағалау	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
Кері байланыс	

Тексерді: